**Шымкент қаласы**

**№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы**

**Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы**

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3

**Тәрбиеші: Зиябекова Д**

**Койбагарова У**

**2021-2022 жыл**

**17.03.2022Ата аналар жиналысысың хаттамасы**

**Қатысқандар 15**

**Қатыспағандары 10**

**Күн тәртібінде**

1. Әңгіме «Не үйреніп білдік?»
2. Табиғат жайлы толғаныс «Табиғатты аялайық»
3. Әртүрлі мәселелер

1 Мәселе бойыншатәрбиеші Зиябекова Д сөз алып мектепке дейінгі ұйымда балалардың бейнелеу өнеріндегі шығармашылығын дамыту әрекеті оқу мен тәрбие үрдісі өзара тығыз байланысты жүргізілгенде ғана жүзеге асады. Балаларды бейнелеу өнерінің әдіс- тәсілдеріне үйрету эстетикалық тәрбиенің ең басты міндеті балалардың эстетикалық сезімін,көркемдік талғамын оятып,шығармашылық қиялын дамыту үрдісін белгілі жүйеде көрсетеді.Бейнелеу әрекеті үрдісінде балалар бірқатар іскерліктер мен дағдыларды меңгертеді, затар мен қоршаған әлем құбылысын талдауға үйренетіндігін айтып,дәстүрден тыс әдістердің түрлері мен кеспіндемемен ,графикамен ,скульптурамен,сәндік қолданбалы өнер туындыларымен балалардың кабілеттілік пен дағдыларын дамыту жолында жұмыстар жүргізіп жатқандығын айта келіп,балаларға жасатқан жұмыстарын және іс-тәжірибие көрсетіп өтті.Жасөспірім баланы тәрбиелеу мен дамыту ісіне байланысты мақсаттарды шешуде театр ерекше рөл атқарады. Театр әр балаға қуаныш,ұмытылмас әсер сыйлайды, оның көркемдік талғамын,еліктеуі мен қиялын дамытады. Баланы сахнада кейіпкер ретінде сйната отырып, оның жеке тұлғасын жан-жақты дамыту арқылы мәдениетке,өнерге деген құштарлықты ояту, болып табылатынды.Жалпы білім саласы бойынша балалардың даму деңгейі жоғары көрсеткіш көрсетіп бақша қызметкерлерімен ата аналарын қуантып жатқандығын айтып өтті.

2 мәселе бойынша бақша басшысы сөз алып, табиғат тіршіліктің құт берекесі. Табиғатты қорғау міндетіміз. Қазіргі кезде экология мәселесі нашарлап кетті.Балабақшадағы үйлеріміздегі ұрпағымыздың дені сау болып өсу үшін, ең алдымен ауа тазалығына көңіл бөлген жөн деп ойлаймын. Табиғатты қорғау сақтау қазіргі жастардың қолында. Қазақ халқында табиғатты құрмет тұтады. Адам табиғаттың патшасы деген ұғым бар. Сондықтан табиғат адам үшін асыл ана. Өйткені адам баласы табиғаттың тіршілігінде өсіп өніп жетілген. Тәрбие тал бесіктен дейміз ,бүлдіршіндерімізді табиғатты сыйлауға, қорғауға тәрбиелейік деп сөзін қорытындылады.

3 мәселе бойынша

Мерекелік іс шараларды өз тәртібімен өткізу.

Баланы бақшадан себепсіз алып қалмау керектігін , ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік . Кешікей келуді түсіндірі аиттық .

Балабақша тазалығына тоқталу.

**Қаулы;**

1 Білім сала бойынша бала жетістіктерінің көрсеткіштерін қадағалау.

2 Табиғатты аялап бала тәрбиесіне көңіл бөлуді тәрбиешілерге жүктеді.

3 Бақша тазалығын қадағалау шаруа меігерушісіне жүктелсін.

**Төрайым:** Койбагарова У

**Хатшы:** Зиябекова Д

**Шымкент қаласы**

**№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы**

**Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы**

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

**Тәрбиеші: Зиябекова Д**

**Койбагарова У**

**2021-2022 жыл**

**20.12.2021Ата аналар жиналысысың хаттамасы**

**Қатысқандар 10**

**Қатыспағандары 10**

**Күн тәртібінде**

13.«Дені саудың тәні сау»
14.Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық іс шаралары
15.Әртүрлі мәселелер

1 Мәселе бойынша бақша басшысы бақшадағы денсаулық сақтау технологиясы бойынша педагогтардың көптеген жұмыстар жасалып жатқандығын айтып өтті. Денсаулығын дамыту жолында түрлі ойындар мен іс-шараларға қолданатын көрнекіліктер мен құралдар алынғанын мәлімдеді. Басты байлық денсаулық, балапандарымыздың дені сау ұрпақ болып өсуіне барынша жағдай жасайтынын айтып, сөзін аяқтады.

Сөз алды бақшамыздың белсенді ата –анасы Багила апай

Бір кездері мақтаныш көріп, жерге салып тастаған сан түрлі зауыттардың түтіні адам ағзасын тұншықтыруда. Шашты тік тұрғызар «Семей полигоны» аталған аймақта әлі күнге шейін ауру балалар дүниеге келуде. Айдаһардың үш басындай арақ, темекі және наша – ауруға жол ашатын мүмкіндіктердің басты себептері. Нашақор адамдар - өмірлерінен күдер үзген, болашағы жоқ адамдар деп ойлаймын. Саралап алсақ, осының барлығы адам қолымен жасалып, қоғамның ілгері дамуына кері әсерін тигізуде. Сондықтан барынша балаларымызға дұрыс тамақтандырып, таза экологияға көбірек шығарып өсіру керек деп ойлаймын деп сөзін қорытындылады.

2.Мәселе бойынша тәрбиеші Зиябекова Динара апай сөз алып Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық жүріп жатқандығын айтып, ата-аналарға тақпақ әндерін жаттатқызуға жәрдем берулерін айтып өтті.

Ата ана Мариям ханым сөз алып, балабақша ертеңгілігіне балаларына сыйлық алып ертеңгілік барысында беруге рұқсат сұрады.тәрбиеші Койбагарова бақша әкімшілігінен сыйлық берілетіні жайында ескертті.

3 мәселе бойынша

7- төлем ақыны әр айдың 10 на дейін төлеуді ескертіп аиттық.
8- Баланы бақшадан себепсіз алып қалмау керектігін , ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік . Кешікей келуді түсіндірі аиттық .

Балаларды ауа райына сай киіндіруді ескерттік.

Қаулы;

1 Бала денсаулығына жіті көңіл бөліп қадағалау медбикеге жүктелсін

2 Ата аналармен тығыз байланыста отырып ертеңгілік жоғары дәрежеде өткізілсін.

3 Баланы бақшадан қалдырмас бұрын хабарласып ескертсін, ауырғанын растайтын анықтама әкеліп берсін

**Төрайым**: Койбагарова У

**Хатшы:** Зиябекова Д

**Шымкент қаласы**

**№53 «Ер -Асыл» бөбекжай- бақшасы**

**Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы**

# Ата-аналар жиналысының хаттамасы №1

**Тәрбиеші: Зиябекова Д**

**Койбагарова У**

**2021-2022 жыл**

# 02.09.2021Ата - аналар жиналысысың хаттамасы

**Қатысқандар 16**

**Қатыспағандары 9**

## Күн тәртібінде

10. Баяндама «Бала тәрбиелеу- бесіктен басталады»
11. Ата аналар комитетін сайлап алуЖаңа 2021-2022 оқу жылының жоспарымен таныстыру
12. Әртүрлі мәселелер

1 Мәселе бойынша мектеп алды даярлық «Жауқазын» тобының тәрбиешісі Койбагарова Улбосын сөз сөйледі
Біз үлгілік оқу бағдарламасы жоспарына сай жұмыс жасаймыз.
ҚР БҒ министрінің 2021ж 20 желтоқсандағы №557 бұйрығы ҚР ның Әділет министірлігінде 2013ж 17 қантарында №8275 тіркелді ҚР БҒ министірінің 2018 ж 1 карашадағы №604 бұйрығымен бекітілген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын негізге ала отырып 5білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері қарастырылған .

Біз күнделікті ҰОҚ нің тақырыптарын «Bilimkids» ресурсынан аламыз . Ол

бағдарламалар ҚР БҒ минимтірлігі бекіткен Мектеп ке дейінгі тәрбие мен

оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартта жасалған .

Биылғы оқу жылынан бастап смартталған 4 К моделі бойынша жұмыс жасап жатырмыз, яғни оқу қызметіне енгіздік .
Әр тақырыпқа сай көрнекіліктер жасаймыз , мысалы фетр матасынан көптеген ойын элементтерін , ертегілерді құрастырып, балалардың қызығушылығын одан әрі арттырып келеміз.
Теледидар ноутбук колданамыз. Музыкалық қабілеттерін арттыру мақсатында саз жетекші Турдалиева Улана аянбай еңбек етуде. «Өзге тілдің бәрін біл өз тілінді құрметте » дегендей орыс тілілің маманы Юсвалиева Диляфрнуз өз ісін жетік меңгерген маман .
Әдіскеріміз Жантаева .Г.Ж біздің күнделікті оқу жоспарымызды тексере отырып , өз көз қарасын білдіріп , балаларға қаншалықты жеткізе алатынымызды , колданатын ресурстарымызды қадағалап, бізге күш жігер беріп отырады
Біздің бақшада психолог , логопед мамандары да жұмыс жасайды,қажет болған жағдайда оларда көмектерін аямайды .Балалардың логикалық есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатын менгерушіміз Калибекова .А .У жаңа инновациялық «интеллектум» ойын түрлерін көптеп алып беріп курсын оқытып

ата аналар мен балалардың алқысын алды. Бұл ойынды балалар сүйіп ойнайды , түрлері өте көп оқу қызметіндеде қолданамыз.
Банядама; «Бала тәрбиесі бесіктен»
2 мәселе бойынша осы топтың тәрбиешісі Зиябекова Д сөз алды ;
Ата аналарға «бала тәрбиесі бесіктен басталады» атты баяндамада қысқа да нұсқа етіп оқып берді . Және екінші мәселе бойынша жаңа оқу жылының басынан ата аналар комитетін сайлап алуды ұсындық. ханымды ата-аналар төрайымы етіп бір ауызданАбдуллаева Қ сайлады және көмекшілері ретіндеСапарбаева Ш. Каликов Д. сайлады.

3 мәселе бойыншы

5- төлем ақыны әр айдың 10 на дейін төлеуді ескертіп аиттық.
6- Баланы бақшадан себепсіз алып калмау керектігін , ауырып қалса анықтамасымен келу керектігін ескерттік . Кешікпей келуді түсіндіріп айттық .

Балаларды ауа райына сай киіндіруді ескерттік.

**Қаулы;**

1 Ата аналар бақшамен тығыз байланыста болсын

2Ата аналар комитетінің төрайымы Абдуллаева Қ, Сапарбаева Ш. Каликов Д. тағайындалсын.

3 Баланы бақшадан қалдырмас бұрын хабарласып ескертсін, ауырғанын растайтын анықтама әкеліп берсін

**Төрайым:** Койбагарова У

**Хатшы:**Зиябекова Д

Шымкент қаласы білім басқармасының
№ 53 «Ер- Асыл» бөбекжай бақшасы
Мектепалды даярлық «Жауқазын» тобы

# Баяндама

Тақырыбы: «Бала тәрбиелеу- бесіктен басталады»

**Тәрбиеші:** Койбагарова У
Зиябекова Д

**2021-2022оқу жылы**

# Тәрбие басы- тал бесік

Менің мамандығым –тәрбиеші .Мен жаһандану теңізіне желкенін жайған мемлекетіміздің ертеңгі алға бастайтын мықты ескегі болатын шәкірттерді тәрбиелеумен оқу-білім қайнарымен сусындататын осынау абыройлы мамандығымды мақтан тұтамын.

Бала тәрбиесімен айналысатын әрбір педагогтің алға қойған мақсат-міндеті мен педагогикалық ұстанымы болуы керек.Менің өмірдегі ұстанымым-жүрек қалауымен таңдаған жұмысыма жауапкершілікпен қарау.Тәрбиеші болу жай ғана мамандық емес.Ол-адам бағдарын жасаушы,келешек ұрпақтың сәулетшісі.

Қазағымның болашағы, келешек келбеті мен тәрбиелеген шәкірттердің тәрбиесінде, қосар үлесімде. Рухани адамдығымның өнегесі шексіз, тұлғаң асқақ, өн бойын тазалыққа тұнып тұрса, өмірден алар орның ерекше деп түсінемін. Оқушыны күлімдеп қарсы алып, бар өнеріңді үйретіп бақытты етсең өз ұлтыңды, адамзат баласын бақытты ету жолында тер төккенің. Бала-көз қуанышың. Бала-ел байлығы, қоғам бақыты. Баланың балабақшадан жақсы тәлім-тәрбие алғанын қалаймын, аянбай сол үшін де еңбек етемін. Еркіндікке жол беремін. Баланың еркін сезінуі оның бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы. Баламен ойнасаң дүние сырының кілті іздемей-ақ табылады, өз атын еркін айтады, бала жүрегінен орын аласың. Бала тәрбиесінде заманауи технологияларды қолдануда белсенділік пен шығармашылық ізденіс дамиды. Баланың білімге деген құлшынысын арттырасың. Дамыта оқыту, жеке бағдарлы оқыту, проблемалап оқыту, денсаулық сақтау технологиясымен жүргізер жұмысың баланы оқыту мен тәрбиелеудегі жүйелі атқарылатын жұмыс кешені болып табылады. Баламен арамыздағы сыйластық сезімді қалыпты ұстанамын да жаһандану дәуірінде, жасампаз ғасырда бақшада тәрбиеші болғаныма мақтанамын.

Бұл сөздің астарында ұстаз мамандығының үлкен жауапкершілік иесі екендігі айқындап тұр.Бала тәрбиесі,оның ішіндегі бақшадағы баланың  тәрбиелеу үлкен мәртебе.Ақын М.Жұмабаев айтқандай. «Тәрбие-адам баласын кәміл жасқа толып,өзіне-өзі қожа болғанша азық беріп өсіру» -деген екен.Сондықтан біз балаларымыздың

болашағына,тәрбиесіне жауапты жандармыз және ата ана тәрбиесә де өте жоғары рөл атқарады.

Отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Отбасы тәрбиесінің мәселелері көптеген педагогикалық зерттеулерде де қарастырылған. «Жақсылық жақсы атаның баласынан тарайды» — дейді кемеңгер халқымыз. Осы арқылы тәрбиелі отбасынан тек жақсылық күт десе, шырқы бұзылған отбасын да «Шығады қисық үйден қисық түтін» деп түйреп өтеді ата—бабаларымыз. Халқымыздың ұлы ақыны Абай баланың өмірді танып—білуіне, оның бойында қалыптасар барлық қасиеттеріне бір жауапты адам ата—ана дей келе: «Балаға, көбінесе, үш алуан адамнан мінез жұғады. Ол отбасы , ортасы, достары деген. Балапандарымызға жан жақты жақсы тәрбие берейік. Балапандарымыз аман болсын!!!!